

ДЖ 327.56

Г.С. Байқүшікова, А.Б. Мекембаева

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.
e-mail: nura_kz@inbox.ru

Үндістан-Пәкістан Кашмир территориясындағы қауіпсіздік мүдделері

Бұл мақалада Үндістан мен Пәкістан Республикаларының арасындағы жалпы екі жақты қарым-қатынастарын, әлем қауымдастырының екі елдің ядролық саясатына қатысты ұстанымдары мен көзқарастарына қатысты мәселелердің барлық қырларын талдай отырып, оның галамдық жүйедегі озіндік маңыздылығын айқындау болып табылады. Үндістан мен Пәкістан арасындағы шекаралық, діни, этносаралық қатынастарын анықтауда да негізгі зерттелетін мәселе. Жалпы, Үндістан және Пәкістанның арасында әскери даулар екі елдің экономикалық және әскери потенциалға ие бола отырып, коршісін қорқыту амалы ретінде атомдық каруды өндіруге итермеледі. Өлкедегі атомдық қарсылыстар негізі болып «Кашмир мәселесі», сонымен катар Үндістан мен Пәкістан арасындағы екінші әлемдік соғыстан кейінгі орын алған әскери даулардың саяси, экономикалық және мәдени зардаптары қарастырылады. 1846-1947 жылдардағы Британ үкіметінен пайда болған Кашмир дауының зардаптары әлемді назарына аудартып отыр. 1962 жылғы Үнді-Қытай соғысынан кейінгі Кашмирге үш елдің, яғни Үндістан, Пәкістан және Қытайдың мүдделі болуы. БҮҰ шешберінде Кашмир мәселесі уакытша дау ретінде қарастырады. Ал галымдардың пікірі бойынша өте шиеленіскең және шешімі табуы қызын мәселе екені де дау тудырмайды.

Түйін сөздер: Үндістан, Пәкістан, Кашмир мәселесі, ядролық апартеид, діни фактор, қактығыс.

G. Baikushikova, A. Mekembayeva

The Indo-Pakistan principles of safety in the territory of Kashmir

In this articles the reasons of the Kashmir conflict, and also modern political position of this region which in the present is divided between three states are considered. So, opposition of India and Pakistan lasts more than 60 years and the main its reasons disputes about accessory of historical area Kashmir. Kashmir was historically occupied by adherents of Islam and in 1846-1947 was the semi-independent state (with a great influence of Britain). For last years the parity of forces in the region strongly changed. It is connected with intervention in the conflict of the third party – China which in a course, the Indo-Chinese war of 1962, occupied the territory Aksay-chin in the Indian part of Kashmir. Thus, the territory of Kashmir is divided now between three countries – India, Pakistan and China. The section of Kashmir is considered a temporary phenomenon, and according to UN resolutions in the former principality it was necessary to carry out plebiscite which would define what structure of the state will include all Kashmir. Now all negotiation processes across Kashmir. Anyway, are broken. Modern experts recognize a problem of Kashmir of one of the oldest territorial problems of the world and emphasize that its permission in the next years is improbable.

Key words: India, Pakistan, The conflict of Kashmir, nuclear apartheid, religious factors, conflicts.

Г.С. Байқүшікова, А.Б. Мекембаева

Индо-пакистанские принципы безопасности на территории Кашмира

В этой статье рассматриваются причины кашмирского конфликта, а также современное политическое положение этого региона, который в настоящее время разделен между тремя государствами. Итак, противостояние Индии и Пакистана длится уже более 60 лет и основная его причина - спор о принадлежности исторической области Кашмир. Кашмир исторически был населен приверженцами ислама и в 1846-1947 годах был полунезависимым государством (с большим влиянием Британии). За прошедшие годы паритет сил в регионе сильно изменился. Связано это с вмешательством в конфликт третьей стороны – Китая, который в ходе индо-китайской войны 1962 года, оккупировал территорию Аксай-чин в индийской части Кашмира. Таким образом, территория Кашмира в настоящее время разделена между тремя странами – Индией, Пакистаном и Китаем. Раздел Кашмира считается времененным явлением, и, в соответствии с резолюциями ООН, в бывшем княжестве следовало провести плебисцит, который и определил бы, в состав какого государства войдет весь Кашмир. В настоящее время все переговорные процессы по Кашмиру. Так или иначе, оказываются сорванными. Современные специ-

алисты признают проблему Кашмира одной из старейших территориальных проблем мира и подчеркивают, что разрешение ее в ближайшие годы маловероятно.

Ключевые слова: Индия, Пакистан, Кашмирский конфликт, ядерный апартеид, религиозный фактор, конфликт.

Кіріспе. XX ғасырда әлемдік тарихта айтарлықтай халықаралық проблемалар және мемлекетаралық қақтығыстар орын алды, олардың бірқатары бүгінге дейін шешімін таппады. Алайда ұзақтығы жағынан, қиян-кескілігі жағынан және де қазірғе дейін қауіп әлеуетінің жоғарылығы жағынан Үндістан мен Пәкістан арасындағы Кашмир мәселесін ерекше атап откен жөн. Екі тарапта да ядролық қарудың бар болуы мәселені әлемдік деңгейге шығарды. Қазірде Пәкістанда және Үндістанда екі елдің жақындасу идеясы ерекше мәнге ие болып отыр. Кейбір мамандардың айтуы бойынша, бұл мәселенің себебі болған Кашмир шиеленісінің өз шешімін табуы мүмкін болған келіссөздердің жүргізуінің бастамасы.

Үндістан мен Пәкістан арасындағы қақтығыстар

Үндістанга егемендік берілген соң, үнді үкіметі Кашмирді британ отарлаушы әкімшілігі үнді маҳараджаларына ресми турде сатқан деп бұл олкеін өз менишігі деп жарияламаққа шешім шығарды. Алайда, Үндістанмен дерлік бір уақытта тәуелсіздік алған Пәкістан, Кашмир тұрғындарының көп болігі мұсылмандар болғанына негізделін, оны өзіне тиесілі болу керек деп есептеді. Шынында да, осы кезде Кашмирде халықтың 77%-ы мұсылмандар болатын, бірақ басшысы маҳараджа Хари Сингх да үндістандықтар еді. Кашмир маҳараджасы Үндістанға қосылу туралы ресми шешім қабылдайды. Осының негізінде тәуелсіздік алғандарына бір ай болар болмастай екі ел арасында қарулы қақтығыс өрті орын алды. Бірінші Кашмир соғысы 1947 жылдың қыркүйек айынан 1948 жылдың соңына дейін жалғасты. 1949 жылы 1 қаңтарда соғыс қымылдары тоқтатылды. Соғыс нәтижесінде келісім орнап, оның негізінде Кашмирдің 60%-ы Үндістанға, ал қалған болігі Пәкістанға отті. Ал тамыз айында БҰҰ шешімімен аумақта уақытша демаркациялық сзығык жүргізілді [1]. 1954 жылы жиналыста Кашмирдің үнді болігінен

сайланған өкілдері, Үндістан құрамына белгілі бір автономияға ие штат ретінде ғана қосылу туралы шешім қабылдады. Осылайша, Үндістан Конституциясының 370-бабына сәйкес, үнді парламентімен қабылданған қорғанысқа және сыртқы саясатқа байланысты жарлықтардан басқа бір де бір заң штат парламентінің келісімінсіз бұл өнірде ешқандай күшке ие бола алмайды. Штатта 10 миллионға жуық адам 222 мың шаршы шақырым болған терриорияда өмір сүріп келуде [2]. Діни себептерге байланысты халықтың көпшілігі Пәкістанға өтуді қалап, штатта сепаратистік қымылдар көптеп орын алады. Үндістандық ғалымдардың мәліметтеріне сүйенсек, штатта халықтың 67%-ы мұсылман, 30%-ы индуист, 2%-ы сикх, және 1%-ға жуығы буддистер болып келеді. Үндістан занды түрде мәселені шешілген деп есептейді және қорытынды іс-шаралар терриорияның қалған бөлігін Пәкістан әскерлері мен үкіметінен азат етуден тұрады деп отыр, алайда Пәкістан мәселенің мұндай шешімімен тіштен келіспеді.

Кашмирдің пәкістандық бөлігіне келетін болсақ, ол бірнеше әкімшілік аумақтарға бөлінген.

Пәкістан Кашмирінің бір бөлігі әлемдегі мемлекеттер ішінде Пәкістаннан басқа ешбірі мойындаған тәуелсіз мемлекет ретінде жарияланып, Азад Кашмир (Азат Кашмир) деген атақа халық саны 4,5 миллион адам. Экономикалық жөнде саяси жағынан Покістанмен тығыз байланысты, оның бір бөлігі, алайда мойындалмаған мемлекет атрыбуттарына толық ие. 1970 жылы Пәкістанда Гиллит-Балтистан әкімшілік облысы үйімдастырылды. Бұл облыс 73 мың шаршы шақырым терриорияда бір миллионға жуық халыққа ие. Бұл өлкенің біршама бөлігі 70-жылдары Қытайға өтіп кетті. Бұл терриорияның ресми мәртебесі – «Кашмирдің Пәкістандық терриориясы». Бұл атау да Пәкістанның аймақтық мүддесін айқындайды.

Пәкістан үнді штаттары Джамму мен Кашмирдің легитимділігін мойындарай, бұл тер-

риторияны «Үндістан оқкупациясындағы Кашмир» деп атайды [3]. Қазіргі кезеңде Кашмирдегі жағдай біршама өзгерген. Ол шиеленіске үшінші жақтың араласуымен, яғни Үнді-Қытай соғысы барысында үнді Кашмирі территориясы болған, аумағы 42 шаршы шақырым Аксай-чинның (Жалпы Кашмирдің 20%) Қытай территориясын на өтуі де мәселені шиеленістірді. Бұл облысты Үндістан да Пәкістан да мойында майды. Осылайша, қазіргі таңда Кашмир территориясы үш мемлекет, яғни Үндістан, Пәкістан және Қытай арасында болін алынған [3].

Кашмирдің болінісі уақытша құбылыс болып, БҰҰ резолюцияларына сәйкес князьдікте бүкіл Кашмирдің қай мемлекет құрамына енуін шешіп беретін плебисциттің откізуғе тиіс болатын. Пәкістан әлі күнге дейін бұл мәселені шешудің жалғыз жолы деп біледі. Үндістан бір кездері бұл ұсыныска келісім берген болатын, алайда кейін Пәкістанның АҚШ-пен әскери одақ құруына байланысты бұл шешімін өзгертті. Қазіргі кезде Кашмирге байланысты барлық келісім процестері оз шешімін таба алмай келуде. Оған Пәкістан үкіметінің қаржылай көмсігі негізінде құрылған «Сенім үшін күресушілер қозғалысы», «Мұхаммед Армиясы» сияқты әскери қауымдастықтарының Кашмирдің үнді бөлігіндегі қымылдары неғіз болып отыр [4]. Заманауи зерттеушілер Кашмир мәселесін әлемнің ең үлкен территориялық мәселелерінің бірі ретінде қарастырады және оның жақын арада шешіле қоймайтындығын айтады. Жоғарыда айтты өткендегі, Үндістан мен Пәкістан арасында кобінесе Кашмир мәселесіне байланысты бірнеше карулы қақтығыстар туындаған, олар бірнеше онжылдықтар барысында аймақтағы тұрақсыздықтың негізгі себебі болды.

Тараптардың арасындағы бұл соғыстың аяқталуынан кейін «суық соғысы» жағдайы шартты түрде «қыстық» ерекше сарынға ауыса бастады. Соңғы мысалдардың бірі – Каргиль қақтығысы – Кашмирдегі екі тараппен де ресми мойындалмаған Үндістан және Пәкістанның шекаралық қақтығысы. Соғыста ешбір тарап жеңіске жете алған жок, алайда Пәкістан үшін ерекше аяқталды, соғыстан кейін әлемдік қауымдастық Пәкістанды соғыстың террористік әдістерін қолдануда айыптаған. Соңғы қақтығыс естен кеппестей болды және бұл атом қаруы колданылуы мүмкін болған бірінші аймақтық

дау болатын, себебі 1999 жылы Пәкістанда да, Үндістанда да ядролық қару бар болатын [5].

Соғыс басталғанда Үндістанда ірі ереуілдердің ұлғаюы бүтінгі күні озіндік ізін қалдырып отыр. Азық-түлік бағалары 10 есе қымбаттап кетті. Ашаршылықтан 5-6 млн адам қырылып қалды. Ағылшындардың қысымы тұрмыстың нашарлауы мен саяси ұйымдардың араздасуы ереуілдердің бәсендесеуіне экеп соқты. Сонда да ағылшындар билігі төмендей берді. Беделден жүрдай болған Линлитгоу орнына жаңа вице-король А. Уэйвелл тағайындалды. Ағылшындардың араласуымен М.К. Ганди мен М. Жинанның інкір алмасуы 1944 жылы өтті. Онда МЛ жетекшісі тәуелсіздік мәселесін қарастыру алдында жеке Пәкістан мемлекетін құру туралы үағдаласуды жоспарлады. Конгресс партиясы оны тәуелсіздікке жеткен плебесцит арқылы реттеу керек деген інкірде болды. Екі саяси күш келіссоздері 1945 жылы қоқтемде мынадай келісіммен аяқталды: Үақытша үкімет құрамында әр партия 40 % орынды иеленеді, қалған 20 % орын кесапттыларға, христиндарға, парсыларға, сингтерге тиесілі болды. Ал елді екіге болу туралы мәселені қарастыру Үндістанның саяси мәртебесін реттеген соң кейінге қалдырылды [6].

1947 жылы үздіксіз қанды қақтығыстардан соң британдық Үндістан екі тәуелсіз доминионға – Үнді одағы (индуистер) мен Пәкістанға (мұсылмандар) болінді. Тәуелсіз Үндістанның бірінші премьер-министрі болып Үнді ұлттық конгресі партиясының өкілі Джавахарлал Неру сыйланды. 1950 жылы Үнді одағының Үндістан Британ достастығы құрамындағы Үндістан Республикасына айналды. 1962 жылы Қытаймен шекара жопінде қыска мерзімдік соғыс болып, Үндістан жеңіліс тапты. 1965 жылы Үндістан Пәкістанмен соғыста Кашмирді өзіне қалдырыды. 1966 жылы сайлауда премьер-министр болып Дж. Нерудың қызы Индира Ганди сыйланды [7]. 1971 жылғы соғыста Үндістан Пәкістанды жеңіп, Шығыс Пәкістанга тәуелсіздік алуға комектесті. Шығыс Пәкістан өз атауын Бангладеш деп өзгертті. 1984 жылы үкімет әскерлері Амритсардағы Алтын храмды сикх қүштерінен тазартты. Кон ұзамай қаза тапты. Оған өштескен сикх оққагары кон ұзамай Гандиді атып олтірді. Премьер-министр болып Гандидің ұлы Раджив Ганди тағайындалды. Ол да 1991 жылы сайлау науқаны кезінде адам өлтірушілердің қолынан қаза тапты.

1998 жылы Үндістан бес жер асты ядролық сынағын өткізді. Бұл дүниежүзіндегі бейбітшілік күштерінің наразылығын тудырды. 1999 жылы Үндістан ядролық сынектарды тоқтату жөніндегі жан-жақты келісімге қол қоюға уәде берді. Кашмир жөнінде бейбіт келіссөздер өткізуге Пәкістан үкіметіне ұсыныс жасалды.

Үндістан мен Пәкістан арасындағы ядролық бағталастықтың жалғасуы

Биполярлық жүйенің құлауымен, Үндістан өзінің ядролық бағдарламасын жандандыра түсті. Оған себеп болған, біріншіден, Үндістанның ғеосаяси мұдделері және БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесін құрайтын «ядролық клуб» мүшелігіне кіруге талпынысы. Үндістан әлемдік держава мәртебесіне қуатты ядролық қаруға ие болып және «ядролық клубқа» мүше болу арқылы немесе ядролық қаруды мүлде жою арқылы ғана жетуге болады деп қарастырды. Өзінің нақты саяси қызметінде ол бұл екі жолды қатар ұстануды жөн көрді, яғни әлемді тез арада ядролық қарудан тазарту жөніндегі ұсыныстарды қолдаумен қатар, оның іс жүзінде жүзеге асуына атусті қарады. Осылай алғашында ол ядролық қарудың тез арада жойылуын қамтамасыз етеді деген үмітпен ЯҚТШ-на қолдау көрсетін, кейін бұл Шарттың тек ядролық «бестік» мұдделерін корғайтындығына көзі жеткен соң Шартты толық жоққа шығарып оны «ядролық апартеид» деп қарастыруды жөн көрді. 1996 жылы қыркүйек айында БҰҰ Бас Ассамблеясы отырысында Дели бұл Келісімге өзінің қарсылығын билдірді [8]. Бұл қарсылықты білдіру арқылы Дели өз ядролық жарылыстарын жүргізуде еркін таңдауға ие бола алды. Тағы атап өтетін бір фактор, ядролық Қытай мен ядролық Пәкістан. 1998 жылдың 26-27 мамырда жүргізілген сауалнама бойынша халықтың 80%-ы ядролық сынақ жүргізу туралы Үкімет шешімін қолдан, 65%-ы респонденттер ядролық сынектардың елдің ұлттық қауіпсіздігін нығайтатындығын айтқан. Бұл сынектарға тағы бір себеп болған түрткі, Пәкістанмен арада сақталып қалған шиеленісті жағдай, Кашмир дауының шешімін таппауы. Бұл жағдайлар екі жақтың ортақ шекара сзығында кең колемде баллистикалық ракеталар шоғырландандыруына итермеледі. Шекаралық аймақтарда әскери қақтығыстардың жиілеуі, Қашгардағы лаңқестік әрекеттердің жандануы, Пәкістанның орта қашықтықтағы ракеталар жасап шығаруы. Төртіншіден, Дели

ядролық сынектар өткізбес бүрын, ең басты себеп ретінде, «қытай факторын» анықтады. Үндістан деруе ядролық сынектардан кейін Ұлттық Қауіпсіздік Кеңесін (ҰҚҚ) құрды. Кеңестің басты мақсаты – халықаралық және аймақтық жағдайды зерттеу, болашакта болуы мүмкін саяси және әскери іс-кимылдарды болжай және оған сараптама жүргізу. Кеңестің тағы бір маңызды функциясы – азаматтық және әскери жетекшіліктің өзара әрекеттесуін нығайту [9].

Кахута қаласында уран өндіру зауытының құрылышы басталады, Франциямен бірлескен уранды қайта өндеу бойынша зауыттың құрылышы туралы белсенді түрде келіссөздер жүргізіле бастады. Алайда «Ұлы держалар» Пәкістанға оның жоспарында көмектесуге ұмыттыған жок. Жұмыс қарқыны біршама баяу жүрді және пәкістандық басқару бүкіл уақыт бойына өзін Үндістан «соккысы астында» сияқты сезінді. Екі елдің арасындағы қатынастар кернеулі болды, дегенмен ашық қарсылыстақка дейін жеткен жок.

Пәкістанның бірінші зенбіректік плутони тек қана 1995 жылда алынды. Атом қаруының сынаулары 1998 жылы 28-30 мамырда Чагай полигонында жүргізілді. Бұл жерде түрлі мәліметтерге қараганда 3-тен 7-ге дейінгі аралығындағы жарылғыштарды сынектан өткізді. Пәкістанның қазіргі кезде 65-120-ға жуық атом жарылғыштары бар, және бұл түрғыда Үндістанмен тенденсе алады [10].

1998 жылдағы Пәкістандық сынектар аймақтық қауіпсіздік үшін жаңа маңызды фактор болды. Пәкістан дерлік ғасыр ширегі бойы да үнді Кашмирина ие болуға ешбір шара колданбады. Алайда 1999 жылы ядролық қару сынектары өтіп-ақ шекаралық дау қайта өрбіді.

Сайып келғенде, аймақтағы басты қарсылықтастықтың негізгі мәселесі – жоғарыда қарастырылған «Кашмир мәселесі» болып, сонымен бірге екінші дүниежүзілік соғыстан кейін Үндістанмен және Пәкістан арасындағы орын алған әскери даулардың саяси, экономикалық және мәдени зардалтары болып отырғандығын атап кету керек [2, 16 б.].

Қорытынды. Қазіргі таңда екі елдің де ядролық әлеуеттері тен дәрежеде. Екі ел де «ядролық қаруды таратпау туралы шартқа» қол қоймаған және бүтінде бұл саладағы өз

зерттеулерін токтатпай отыр. Бұл аймақтық саясаттың магыналы факторы болып табылады, Үндістан және Пәкістанның басқару жүйесінде, Ұлы державалардың (АҚШ, Ресей, Ұлыбритания, Қытай және Франция) мемлекеттік басқару жүйесін үлгі етуі көзделеді. Бұл елдердің ядролық қарусыздануы – халықаралық бірлестіктің басты мәселелерінің бірі. Қарусыздану онсыз да саяси мәселелері қөп болған аймақтағы кернеулікті түсіруге мүмкіндік

береді. Қазіргі таңда екі ел өзара келісім орнатуға талпыныстар жасады, 2004 жылдың қаңтарында басталған бейбіт келісім нәтижесінде нақты нәтижелерге қол жеткізілді:

- Қашмирдің үнді және пәкістандық бөліктерін автобус жолы біріктірді;
- мемлекетаралық теміржол қатынасы жақсарды;
- сауда және мәдени салада ілгерілеу байқалды.

Әдебиеттер

1. Розалиев Ю. Н. Новая и новейшая история стран Азии и Африки. – М.: Высшая школа, 1987. – 351 с.
2. Новиков В.Е. Проблемы создания Индией ядерного потенциала // Ядерное распространение. Сб. документов и материалов. – М.: 2000, январь-март 2000, выпуск 34. – С.10-11.
3. Kvok B. Ядерные испытания в Индии и Пакистане // Международная жизнь. – 1998. – №8. – С. 36-40.
4. Соловьев В. В. Пакистане нет раскола // http://www.ng.ru/world/2001-12-05/1_pakistan.html
5. Орлов В.А. Контроль над ядерными вооружениями и военной деятельностью. – М.: ПИР-Центр, 2002. – Т.1. – 528 с.
6. Туник С. ХХI век: ядерная угроза остается реальностью // Экспресс К – 2001. – 30 августа.
7. Нераспространение ядерного оружия: Сб. документов. – М.: Международные отношения, 1993. – 240 С.
8. Бакланов А. После ядерных взрывов в Индии и Пакистане: [о новой ситуации в вопросах нераспространения ядерного оружия после взрывов в Индии и Пакистане] // Международная жизнь. – 1998. – №7. – С. 21-29.
9. Набаев Б.Н. Особенности внешней политики Пакистана в отношении Индии и Афганистана на современном этапе // Аналитик 2003. – №1. – С.13.
10. Резолюция Совета безопасности ООН 1172 (1998). – 6 июня 1998.

References

1. Rozaliev U.N. Novaya I noveishaya istoriya stran Aziy I Afriki – M.: Vysshaya shkola, 1987. – 351 S.
2. Novikov V.E. Problemy sozdaniya Indiei yadernogo potentsiala // Yadernoe rasprostranenie, Sbornik dokumentov I materialov. – M. 2000, yanvar'-mart 2000, vypusk 34. – S. 10-11.
3. Kvok B. Yadernye ispytaniya v Indiy I Pakistane // Mejdunarodnaya jizn'. – 1998. – №8. – S. 36-40.
4. Solov'ev V.V. V Pakistane net raskola // http://www.ng.ru/world/2001-12-05/1_pakistan.html
5. Orlov V.A. Kontrol' nad yadernymi vooruzheniyami I voennoi deyatel'nost'yu. – M.: PIR-Tsentr, 2002. – T.1. – 528 S.
6. Tunik S. XXI vek: yadernaya ugroza ostaetsya real'nost'yu // Ekspress K- 2001.-30 avgusta.
7. Nerasprostranenie yadernogo orujiya Sb.dokumentov. – M.: Mejdunarodnye otnosheniya, 1993. – 240 S.
8. Baklanov A. Posle yadernyx vzryvov v Indii I Pakistane: [o novoi situatsiyi v voprosax nerasprostraneniya yadernogo orujiya posle vzryvov v Indii I Pakistane] // Mejdunarodnaya jizn'. 1998 . – №7. – S.21-29.
9. Nabayev B.N. Osobennosti vneshnei politiki Pakistana v otnoshenii Indii I Afganistana na sovremennom etape. – // Analitic 2003. – №1. – S.13.
10. Rezolyutsiya Soveta Bezopasnosti OON 1172 (1998). – 6 iyunya 1998 g.